



№ 294/НҚ от 05.06.2026

БҰЙРЫҚ

№ _____
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ _____
город Астана

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесіне 2025 жылғы сыйақыны төлеу туралы

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бақылау кеңесін құру және құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті Төрағасының 2024 жылғы 22 ақпандағы №85/НҚ бұйрығына, «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесіне сыйақы жылдық сомасын ұлғайту туралы» Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті Төрағасының 2026 жылғы 6 маусымдағы №287/НҚ бұйрығына, «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бақылау кеңесі 2024 жылғы 10 желтоқсандағы №8 хаттамасымен бекітілген «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің корпоративтік басқару кодексінің 47-тармағына, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті Төрағасының 2024 жылғы 5 наурыздағы №116/НҚ бұйрығымен бекітілген «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бақылау кеңесі туралы Ереженің 12 тармағына, «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «ҒТТИ») ЖШС) және Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесі Ибраимов Ғалымжан Уалханович арасындағы 2024 жылғы 6 наурыздағы №01/2024 Шарттың 12 және 13-тармақтарына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. «ҒТТИ» ЖШС Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесі Ибраимов Ғалымжан Уалхановичке «ҒТТИ» ЖШС Бақылау кеңесінің құрамында болған нақты уақыты үшін сыйақы төленсін:

1) 2025 жылғы 1 қаңтардан 31 тамызға дейінгі кезеңде 300 (үш жүз) айлық есептік көрсеткіш есебінен 786 400 (жеті жүз сексен алты мың төрт жүз) теңге;

2) 2025 жылғы 1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде 1300 (бір мың үш жүз) айлық есептік көрсеткіш есебінен 1 703 867 (бір миллион жеті жүз үш мың сегіз жүз алпыс жеті) теңге.

2. «ҒТТИ» ЖШС директоры (Тойшыбеков Өскен Қарабайұлы) қамтамасыз етсін:

1) «ҒТТИ» ЖШС Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесіне осы бұйрықтың 1-тармағына сәйкес сыйақы төлеуді;

2) «ҒТТИ» ЖШС Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесінің сыйақысы туралы ақпаратты корпоративтік сайтта орналастыру арқылы ашық көрсетуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық «ҒТТИ» ЖШС Жалғыз қатысушысының шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
Цифрлық даму министрлігінің
Аэроғарыш комитеті төрағасы**

Б.Оралмағамбетов

Согласовано

04.06.2026 10:58 Ибраев Ерден Кайржанович

04.06.2026 15:27 Шуленбаев Куандық Ислямович

Подписано

05.06.2026 10:43 Оралмағамбетов Баубек Жеткергенович

